

6D070800 – «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **Тілеуберді Нұрболдың** «Өнімді қабатқа азотпен әсер ету жолымен мұнай алудың тиімділігін арттыру (Солтүстік Қарамандыбас кенорны мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі мұнай өндіру саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – ол қабаттың мұнайбергіштігін арттыру болып табылады. Еліміздің мұнай өндіру саласының қазіргі жәй-күйіне қарасақ, өндірістік-технологиялық іс-шаралар кешенін өңдеп, тиімділігі жоғары және шығыны аз әдістерді, осызаманданған технологиялық құралдар мен техникалық құрылғыларды қолдану, ұңғыманы игеру жағдайына бейімделген тиімділігі жоғары айдау агенттері мен сол негіздегі технологияларды пайдалануға тура келеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізуде автор негіз ретінде елімізде көптеп саналатын орта және шағын кенорындарындағы ұңғылардың оптималды орналасуын зерттеу және қабаттың түп маңы аймағына әсер ету арқылы ұңғының өнімділігін арттыру тәсілін жетілдіру бағытын таңдап алды. Өндіру ұңғымаларынан мұнай алу процесінде мұнай ағыны терригенді жыныстардың қуыстары арқылы ұңғыма түбіне келетіндігі анық. Алайда, осы қуыстардағы капиллярлық қысым мен беттік кернеудің әсерінен, әдеттегі жағдайда мұнайдың белгілі көлемі осы қуыстарда қалып қояды.

Диссертациялық жұмыста автордың ұсынған ғылыми жаңалығы «Солтүстік Қарамандыбас» кенорнының мысалында геологиялық құрылымның моделін құру және ұзын пішінді шоғырлы кенорындарының қабаттарынан мұнайды ығыстыру процестерінің заңдылықтарын зерттеу негізінде брахиантиклинальды кен орнының симметрия осі бойымен айдау ұңғымаларын орналастыру жасалынды, бұл кен орындарын игерудегі оңтайлы шешім болып табылады. Жоғары қысыммен өндіруші ұңғымалардың түп аймағына азот айдау мұнайдың өткізгіштігі төмен матрицалық түтіктерден үлкен арналар мен коллекторлы қуыстарға қарай ығысуын қамтамасыз етеді, нәтижесінде ұңғымалардың өнімділігі едәуір артатындығы теориялық және эксперименттік тұрғыдан анықталды.

Жұмыстың әдістемелік жағы өндіру және айдау ұңғыларын қабаттың геологиялық-геометриялық құрылымына сәйкес орналастыру арқылы кенорнын игеру жүйесін жетілдіруге бағытталған, сонымен қатар, өндіруші ұңғылардың түп аймағына азотпен әсер ету арқылы мұнайдың қабаттағы жіңішке түтіктерден үлкен қуыстарға қарай ығысу заңдылықтары анықталды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жалпы 9 мақалада жәрияланды. Оның ішінде 2

мақала Scopus деректер қорына кіретін Q3 журналдарында, ҚР БҒСҚК журналдарында 4 мақала және халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда 3 мақала шықты.

Тілеуберді Нұрболдың диссертациялық жұмысы жалпы алғанда, ғылыми зерттеулері толығымен аяқталған, мақсаты мен міндеттері толықтай шешілген жұмыс болып табылады. Автордың зерттеу барысында алынған нәтижелері болашақта қабаттың мұнайбергіштігін арттыру саласында кенорындарында қолданылып, еліміздің мұнай өндірісі саласында өз үлесін қосуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, «Өнімді қабатқа азотпен әсер ету жолымен мұнай алудың тиімділігін арттыру (Солтүстік Қарамандыбас кенорны мысалында) тақырыбындағы диссертациялық жеке жұмысы Қазақстан Республикасы үкіметінің заңнамасында көрсетілген ғылыми дәрежені алу туралы қағидаларына толықтай сәйкес келеді, ал оның авторы Тілеуберді Нұрбол - 6D070800 – «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін иеленуге әбден лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Техника ғылымдарының докторы,
профессор, «Мұнай инженериясы»
кафедрасының профессоры



Абделі Дайрабай Жүмәділұлы